



ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТУПҚАРАГАНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.06.2022 № 121

Форт-Шевченко қаласы

№ _____

город Форт-Шевченко

Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукционға, конкурстарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізімін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жер учаскесін жеке меншікке немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукционға, конкурстарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізімі белгіленсін.

2. «Түпқараған аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскелерін жеке меншікке, жер учаскелерінің жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықтың ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары О. Тлеповке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі



Р. Елтизаров

Түпқараған ауданының әкімдігінің

2022 жылғы « 22 » маусым

№ 121 санды қаулысына

№1 қосымша

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесі беріледі	Алаңы (га)	Кадастрлық құны, тенге
1.	Форт-Шевченко қаласы, өндірістік аймақ	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,2500	2 680 000
2.	Форт-Шевченко қаласы, «Айбар» дүкені жаны	Кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,0610	653 920
3.	Форт-Шевченко қаласы, теңіз жағалауы	Кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	1,0000	10 720 000
4.	Баутин ауылы	Деректер орталығы құрылысын салу үшін	0,3000	3 312 000
5.	Ақшұқыр ауылы, №1	Өндірістік база құрылысын салу үшін	1,0000	26 100 000
6.	Ақшұқыр ауылы	Тігін шеберханасы құрылысын салу үшін	0,2000	5 220 000
7.	Ақшұқыр ауылы, №2	Өндірістік база құрылысын салу үшін	1,0000	26 100 000
8.	Ақшұқыр ауылы, №3	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,3000	7 830 000
9.	Ақшұқыр ауылы, №4	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,6000	15 660 000
10.	Сайын Шапағатов ауылдық округі, 6 квартал	Спорт кешені құрылысын салу үшін	0,4200	9 702 000
11.	Баутин ауылы	Балық өңдеу цехының құрылысын салу үшін	0,2500	3 450 000
12.	Форт-Шевченко қаласы, Жаңа Кетік шағын ауданы	Кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,0251	269 072
13.	Форт-Шевченко қаласы, Орталық аурухана арты көшесі	Көп салалы кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,0450	482 400
14.	Форт-Шевченко қаласы, өндірістік аймақ, №1	Үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,0875	938 000
15.	Форт-Шевченко қаласы, өндірістік аймақ, №2	Үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,0875	938 000

16.	Форт-Шевченко қаласы, Ақтау-Форт такси тұрағы маңы	Үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,0500	536 000
17.	Сайын Шапағатов ауылдық округі, 6 квартал	Үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,0600	1 386 000
18.	Таушық ауылы, Кездесу жері	Үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,3000	609 000
19.	Таушық ауылы, кіре беріс аумағы	Көп салалы кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,0600	121 800
20.	Ақшұқыр ауылы, Қошқар ата қауымы арты, №5	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,6800	17 748 000
21.	Таушық ауылы, Төрорпа аумағы	Кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	2,0000	5 800 000
22.	Ақшұқыр ауылы, №5	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,3000	7 830 000
23.	Ақшұқыр ауылы, Ақшұқыр-2	Көп салалы кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,2400	6 264 000
24.	Ақшұқыр ауылы, Ақшұқыр-2	Көп салалы кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,2500	6 525 000
25.	Ақшұқыр ауылы	Кәсіпкерлік мақсатта пайдалану үшін	0,0136	378 624